

10- апта. ЖАНРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР ЖӘНЕ КАНОНДАР

Әдебиет жанрларын түсіндіруде негізгі әдіснамалық мәселелерді шешу қалыптасты. Біріншіден, жанр өмірлік ахуалдармен, ритуалдармен тығыз байланыстырылады. Сондықтан, канондық жанрлар (тұрақты тақырып, композицияға құрылған ортағасырлық Веселовский, Тынянов) ғылыми зерттеуге алынды. Екішіден, жанрда белгілі бір дәстүрлік немесе жеке-авторлық дүниетаным көрінетін әлем «бейнесінің» сипатталуы қарастырылды. Бұлайша, түсіну романтизмнен 20-ғасырдағы мифопоэтикаға дейін (О. Фрейденбергтің жанр теориясы) және жанрды «мазмұндық форма» сипатында түсіндіруші (Гачев Г.Д) концепцияға дейін келеді. Үшіншіден, Аристотельден Шиллерге дейінгі трагедия теориясы негізінде көркем шығарма құрылымының ерекше аспектісі туралы түсінік – эстетикалық шындық пен өмір шындығының арасындағы оқырман-көрермен мәселесі. Ал, М. Бахтин қорытқан жанртеориясы еуропа поэтикасындағы барлық үш дәстүрді «үш өлшемді тұтастық» сипатында біріктіреді. Классицизм дәуіріне дейін жанрдың формальдық қырлары алдыңғы қатарға шықты. Мысалы, өлең өлшемдері (метр), әрбір жанрға тән көркемдік құралдар қатаң бекітілді. Жанр заңдылықтары жазушының шығармашылық еркін өзіне бағындырды. Жанр кононы – бұл тұрақты және қатаң жанрлық белгілердің белгілі жүйесі. «Канон» деген сөз (грек тілінен ауд. правила, предписание) көне грек мүсіншісі трактатының атауын құраған. (5ғасыр бэд), бұл тұста канон белгілі бір ережеге сүйеніп суреткердің кемел образ жасауы деп түсінілген.

Жанрлық канондар алғашында халық мәдениеті дәстүрлері мен ғұрып-салттары негізінде стихиялы қалыптасты. Кейінірек, жанрлық канондар басқа қалыпқа ене бастады. Оған Аристотель, Гораций, Буалоның поэзия туралы ілімдері басшылық етті. Нормативті эстетика ақындарды жанрлық үлгіге сай жазуды талап етті. Тұрақты структуралық ерекшелікке ие новелла, ертегі, мысалдар болды, тіпті дәстүрлі лирикалық жанрлар (фольклор да) болды. Жанрлық құрылым әсіресе постмодернистік дәуірде ерекше түр өзгерісіне енді. Жанрлық құрылым өзінің бұрынғы канондық шектеулілігінен қол үзді. Жеке авторлық белсенділікке жол ашылды.

Романдандыру соңғы екіжүзжылдықта жанрлық шекараларды жуып өтіп, канондық рамкадан шығарды. 19-20ғғ. жанрлық категориялар нақты сұлбасын жоғалтты, жанр моделдерінің көпшілігі қирады. Көптеген драмалық шығармалар жанрлық айқындылықтан ажырап, бейтарап «пьеса» деген атаумен аталды. Эсселік сипаттағы көркем проза, көптеген лирикалық өлеңдер қандай да бір жанрлық классификацияның рамкасына жатқызылған

жоқ. Лирикалық ой синтетикалық тұрғыда беріліп, лирикада жанр атрофияға ұшырай бастады. Ода, мысал, ертегі сияқты тұрақтылыққа ие дәстүрлі жанрлар романтизмде де, одан кейінгі дәуірлерде де мәнін жоғалтқан жоқ. Бізде фольклор жанрлары беташар, бесік жыры, бәдік, бата т.б. 19-20ғғ. жаңа пайда болған жанрлар да құрылымдық тұрақтылыққа ие болды. Мыс. символистік лирика (ерекше лексика, универсалийлерге жүгіну, тілдің семантикалық күрделілігі, құпиялылық). Француз романдарындағы құрылымдық және концептуальдық жалпылықтың болуы. (А. Роб-Грийе, Н. Саррот т.б.). Сонымен әдебиет жанрлық құрылымның 2 тегін біледі. 1-шісі канондық жанрлар (сонет) және 2-шісі канондалмаған, кез-келген өзгеріске бейім, жаңа дәуірдегі эллегия мен новеллалар. Олар да жанрдан тыс құрылымдармен қатар өмір сүргендіктен, ешқандай тұрақты құрылымдық ерекшелігі жоқ жанр болмайды. Әрбір тарихи кезеңде жанрлар өзара түрліше сәйкестік табады. Олар өзара ықпалдастыққа түсіп, бір-бірінің өмір сүруін қолдайды және сол мезетте бір-бірімен бәсекелестікке түседі; сондықтан жеке жанрлар мен олардың тарихын ғана емес, әрбір нақты дәуірдегі жанрлық жүйені зерттеу қажет. Мыс: повесть тууы. Жанрлар әркезде оқырмандар мен ғалымдар, сыншылар, жазушылар тарапынан өз бағасын алып отырады. Ескірген, өзін-өзі жоятын немесе магистральдық (жолшыбай) немесе маргинальдық (шеткері (периферийные), төменгі және жоғары сияқты, жанрлар да бар. Осылайша, бағалаудың өзі жанр иерархиясын көрсетеді. Кейбір жанрлар ерекше таңдауға ілініп, әдеби-қоғамдық беделге ие болады. Формальдық мектептің терминологиясына сүйенген бұндай жанрлар тегін канондалған деп атайды. Бұрынғы әдебиет үлгілері де ең үлгілі классикалық деп таңдалып канондалған, демек классика деген атты иемденеді. Бұл терминология дәстүрі шіркеу санкциясын алған (канондалған) мәтіндерден бастау алады. Әдеби жанрларды канондау Аристотельден Буало, Ломоносовтан Сумороковқа дейінгі нормативті поэтикадан бастау алады. Аристотель трактаты эос пен трагедияға жоғары мәртебе береді. Классицизм эстетикасы « жоғары комедияны» канондап, оны халықтық-фарс сияқты «төменгі жанрдан» бөліп алады.

Жанр иерархиясы көпшілік оқырман санасынан да орын алады. 19-20 ғасырларда діни кітаптарға, ақсүйектік әдебиетке орыс шаруалары көпкөңіл аударды. Ертегі төменгі жанр деп саналды. 20-ғ жаңа жаңа жанрлар иерархиясы жоғары мәртебе ала бастады. Жаңа жанрлық құрылымдарға орын беріле бастады. Бұрынға беделге ие лидер жанрлар орнын оған парадокс

түріндегі дайын, ескірген, тұрақты (стабильді) формаға қатысы жоқ еркін , ашық құрылымға ие канондалмаған жанрлар ала бастады.-1 сағат